


№ F00063 14.10.2021 ж




Мен қазақпын

АШИРБЕКОВА СЫМБАТ ЕСБОСЫНОВНА
Шымкент қаласы №66 Қазығұрт жалпы орта
білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Пәні	Дүниетану	
Бөлімі	Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	
Педагогтің аты-жөні	Аширбекова Сымбат Есбосыновна.	
Күні:		
Сынып: 1	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Мен қазақпын	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.3.1.1 көрнекі материалдарды зерделеу арқылы ежелгі адамдардың өмірі туралы әңгімелеу 1.3.5.2 тәуелсіз мемлекеттің негізгі белгілері туралы әңгімелеу	
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: қазақ халқының тарихы туралы біледі; «батыр» ұғымын және батырлардың қазақ халқындағы рөлін түсінеді Көптеген оқушылар: мақал – мәтелдер мен аңыздардың мағынасын ашады; Кейбір оқушылар: алған ақпарат негізінде өз көзқарасын білдіреді	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Психологиялық ахуал қалыптастыу Көңілденіп, күлемін, Бақытты боп жүремін. Бәрін біліп алатын Мен ақылды баламын «Ой бөліс» әдісі. Оқушылар, қазақ халқының	Оқушылар хормен айтады		

 <p>Сергіту сәті</p>	<p>қандай батырларын білесіңдер? Толағай батыр, Райымбек батыр, Баян батыр т.б. Ендеше, I қатар: «Толағай батыр » II қатар «Райымбек батыр» III қатар «Баян батыр» деп атап отырғызу <u>Алдыңғы білімді еске түсіру</u> <u>(ұжымда)</u> «Менен сұрақ, сізден жауап» әдісі 1. Бұл пәннен нені үйренеміз? 2. Саяхат дегеніміз не? 3. Турист деп кімді айтамыз? 4. Нұр-Сұлтан қаласы қандай өзеннің жағалауында орналасқан? 5. Нұр-Сұлтан қаласында қандай көрікті жерлер бар?</p> <p><u>ҚБ: ШАПАЛАҚ</u> Ширату тапсырмасы. Белсенді оқу тапсырмалары(топта, ұжымда) Оқушыларға ауыз әдебиетін түсіндіру -Ауыздан ауызға тарап отырған әндер, мақал-мәтелдер, аңыздар немесе халық ауыз әдебиеті деп аталған Ертегі батырлар жырларын адамдар жаттап, отырған жерлерінде ауызша бір- біріне әңгімелеген. Жазуды білмегендіктен біздің заманымызға ауызша жеткен. Сондықтан оны халық ауыз әдебаеті деп атаған екен. Ол</p>	<p>Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырма лары</p>	<p>Сұраққа жауап берген оқушы ны мадақта у,толық тыру жасау, тиімді кері байлан ыс орнату.</p>	 
--	---	---	---	---

туралы қазір оқулықтан тізбектеп оқып білейік.

Аңыздар қазақ ауыз әдебиетінде ерекше орын алады. Олар қазақ халқының батырлығы мен ерлігін жырлаған. Аңыздардың басты кейіпкерлері – батырлар. Олар біздің жерімізді сақтап қалды



-Суреттер туралы не айта аласындар?

(балалардың жауабы тыңдалады)

-тұсау кесу, бесікке салу, қазақтың салт-дәстүрлері

-дулыға, қылыш, найза бұл батырлардың қару-жарақтары

-Ендеше балалар, бүгін «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті»

бөлімінің «Мен қазақпын»

тақырыбы. Бұл тарауда қазақ

халқының тарихына қатысты

қызықты аңыздармен танысып,

бүгінгі күнгі тәуелсіздігімізге

кімдердің арқасында жеткеніміз

туралы білеміз

Сен білесің бе? ҚАЗАҚ ЖЕРІ



ТУРАЛЫ ВИДЕО






1-қатар: «Толағай батыр»

*Мен - қазақпын мың өліп, мың тіріп
Жергегімде таныстым мұң тіліме
Жылағанда жүрегім, күн тұтылып
Қуанғанда күлкімнен түн түрілген.*









**«Жарайсың!»
, «Өте жақсы!»
!»,
«Керемет!»**

	<p>2- қатар: « Райымбек батыр»</p> <p><i>Мен - қазақпын, ажалсыз анамын м Құрсағыма сыйдырам даланы мен Пәк сәбимін бесікте үілдеген, Дәуірлермен құрдаспын, данамын</i></p> <p>3- қатар: «Баян батыр»</p> <p><i>Мен - жігітпін, айқасқа, сынға асықпын Жүрегі бар кеудемде шын ғашықтың. Жанартаудай жойқынмын жұлқынғанд Шарықтасам, қыран боп шыңға шықт</i></p> <p>Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау ҚБ: Мұғалімнің қолпаштауы Би: «Мен қазақпын»</p>			
<p>Сабақтың ортасы</p> 	<p>Ширату тапсырмасы. Белсенді оқу тапсырмалары Игерейік білімді. Белсенді оқыту: «Түсіндіру және сипттау» тәсілі.</p>  <p>Саралау: «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі. «Толағай» мультфильмін көрсету . -Осы Толағай батыр сияқты біз тауды көтере аламыз ба? -Неге? -Ол кезде батырлар көп болды. Себебі, қазақтың жері кең, қазба байлыққа толы болғандықтан оған қызығып жаулап алңысы келген басқа елдер шайқас бастап, шабуылдады. (портреттер</p>	<p>Дәптер мен , тақтамен жұмыс. Оқушылар оқулықтағы негізгі тақырыппен танысады. Сұрақтарға жауап береді. Өз көзқарастарын білдіреді Оқушылар билейді</p>	<p>Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату</p>	

	<p>көрсету) Міне, бүгінгі тәуелсіздігіміз, көк туымыздың бейбіт заманда басқа елдердің туымен қатар желбіреуі осы батыр бабаларымыздың арқасы. -Балалар батырлар тек шайқаста ғана жүрмеген. Олар бейбіт заманда ел басқарып, хан болған. Қол басқарып батыр болған. (Хандардың портреттерін көрсетіп, таныстыру) Осы хандар балалар, біздің тәуелсіз қазақ елі болуымыз үшін көп тер төкті. Олар өздері билеген жерлерінде елдігін білдіріп туларын тігіп отырған.</p> <p>1-қ: «Толағай батыр» Бұл аңыздан не білдік? Кім туралы айтылған?</p> <p>2-қ: «Райымбек батыр» Толағай неліктен батыр деп ойлайсың? «Ерлік» деген ұғымды қалай түсінесіңдер?</p> <p>3-қ: «Баян батыр» Толағайдың ерлігін неден көруге болады? Неліктен ол батыр атанды?</p> <p><i>Топтастыру «Батырдың ерекше қасиеттері»</i> <i>Ержүрек</i> <i>күшті</i> <i>Батыр</i>  <i>жанашыр</i> <i>Қайсар</i> <i>елжанды</i></p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> Батырдың ерекше 	<p>Дәптермен, тақтамен жұмыс Сұрақтарға жауап береді. Өз көзқарастарын білдіреді</p>	<p>Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату</p>	<p>өте жақсы  жақсы   орта</p>
---	--	--	--	--

	<p>қасиеттерін сипаттай алады.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Толағайдың батырға тән қасиеттерін жаза алады. • «Ерлік» сөзінің мағынасын біледі <p><u>ҚБ: жұлдызша</u></p> <p>Дәптермен жұмыс тапсырмаларын орындау Сен білесің бе? 5 ҚАРУ «Үш қатарға үш тапсырма» әдісі I қатар: «Толағай батыр» «Батыр» сөзінің ұғымын және батырлардың қазақ тарихындағы рөлі қандай? «Аңыз» ұғымын қалай түсінесіңдер? II қатар « Райымбек батыр» Қазіргі заманда батыр атануға болама? Тәуелсіздік үшін күрескен кімді білесің? III қатар «Баян батыр» «Батыр туса – ел ырысы, жаңбыр жауса-жер ырысы» мақалдың мәнін түсіндіру Қазіргі заманда батыр атануға болады ма? (балалардың жауабы тыңдалады) -Балалар, қазіргі бейбіт заманда (спортшылар атап таныстыру) спорт түрлерімен, өнер, біліммен батыр атануға болады. Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Оқушылар мақал-мәтелді оқиды және мағынасын түсіндіре алады. • Өмірлік тәжірибесінде 	<p>Дәптермен , тақтамен жұмыс Сұрақтарға жауап береді. Өз көзқарастарын білдіреді</p>		<p>суреттер</p>
--	---	---	--	-----------------

	<p>қолдана алады</p> <ul style="list-style-type: none"> Аңыздардың қазақ тарихындағы ролін біледі. <p>ҚБ: шапалақ</p>  <ul style="list-style-type: none"> Қасым хан кім болған?   <p>Әрбір тілде сөйле әлемді таң қылып, Ана тілін білмеу қандай заңдылық. Өсер балаң, байтақ далаң тұрғанда Қазақ тілі жасау керек мәңгілік.</p>			
<p>Сабақтың соңы Кері байланыс</p>	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану «Үш қатарға үш сұрақ» Не туралы оқыдық? Ауыз әдебиеті деген не екен? Батырлар жырында не туралы жырлаған? Үйге: Басқа елдегі досыңа қазақ халқы туралы айтып шағын хат жаз. Кері байланыс</p>	<p>Оқушыларға алмалар таратылады. Оқушылар өздері белгілейді</p>	<p>Оқушылардың бірін-бірі, өзін өзі бағалауға негізделген, бұл</p>	<p>Кері байланыс парағы. стикерлер</p>

	<p>➤ Бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма?</p> <p>➤ Сабақтан не үйрендіңдер?</p> <p>-Саған не ерекше қызықты болды? Сұрақтарына жауап береді.</p> <p></p> <p>Маған сабақ ұнады..</p> <p>Сабақты толық меңгердім</p> <p>Сабақты толық түсінген</p> <p></p> <p>жоқпын.</p> <p></p> <p>Сабақ маған түсініксіз.</p> <p>Немесе стикерге жазып бағалау тақтасына жапсырады</p>		<p>тәсілдің мақсаты өзін және құрбыларын әділ бағалауға үйрету</p>	
--	---	--	--	--

**Бастауыш сыныпта сын тұрғысынан
ойлау технологиясын тиімді қолдану**

МАШИМОВА САЛТАНАТ КАЙРАТКЫЗЫ

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы

Тарбағатай ауданы бойынша білімінің

"Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі

Қабден Ақынов атындағы орта мектебі" КММ

Бастауыш сынып мұғалімі

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауында: «Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды істер күтіп тұр.» деген болатын. Елдің елдігін сақтап, көркейтетін, өркендететін және болашақты айқындап беретін – білім мен тәрбие беру ісі. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде көптеген жаңалықтар мен өзгерістер өмірге келуде. Заманауи қоғамның өркендеп өсуі білім жүйесінің сапасын жақсартуды, жаңа технологияларды тиімді қолдануды, жаңа формациядағы ұстаздар арқылы еліміздің білім жүйесін халықаралық стандарт деңгейіне жеткізуді мақсат етіп отыр.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да білім беру жүйесінің сапасын арттыру үшін ең алдымен мұғалімнің кәсіби біліктілігін арттыру мәселесіне үлкен мән берген. Бұл бағдарламаның міндеті – қазақстандық мұғалімдерге педагогикалық тәжірибелерін жетілдіру мен бағалауға көмектесу. Бағдарлама барысында педагогиканың әртүрлі аспектілері талқыланады.

Әлемдік тәжірибеге негізделі жасалған бұл жоба оқушылардың өз дәлелін еркін жеткізе алатындай, сенімді, сыни пікір – көзқарастары жүйелі дамыған оқушы қалыптастыруды мақсат етеді. Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға, синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Сыни тұрғыдан ойлау дағдылары: Бақылау. Талдау. Қорытындылау.

Өз тәжірибемде «Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының әдіс – тәсілдерін ана тілі, қазақ тілі, дүниетану сабақтарында қолданамын. Тәжірибемде қолданған кейбір тәсілдерге тоқтала кетейін.

Қызығушылықты ояту кезеңінде бұрынғы білетіні мен жаңа білімді ұштастыруда «Топтау», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау» әдістерін қолданамын.

Мағынаны ашу— кезеңінде оқушылар жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Сондықтан оқушының өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасаймын. Бұл кезеңде көбіне INSERT әдісін қолданған қолайлы.

Ой толғау-кезеңінде оқушы не үйренгені саралап, оны қандай жағдайда қолдану керектігін ой елегінен өткізеді. Белсенді түрде өздігінен үйрену жолына қайта қарап, өзгерістер енгізеді. Сабақтың бұл кезеңінде «Еркін жазу әдісі», «Бес жолды өлең», «Венн көрсетуі» т.б осы сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне қарай лайықты қолданылады.

Белгілі бір мәтінді толық меңгерту, кейіпкерлер бейнесіне талдау жасап, өз ойын жүйелі жеткізе алуға үйрету, өзіндік ой қорыта білу, шығармашылықпен жұмыс істеу қабілетін жетілдіру, ой - өрісі мен дүниетанымын кеңейту, сөздік қорларын молайту, кейіпкерлер бойындағы жақсы қасиеттерді үлгі ету мақсат етіп алынды.

Оқушылар үй тапсырмасын «Шеңбер» әдісімен орындады.

"Шеңбер" әдісі бойынша, оқушылар сыртқы шеңбер, ішкі шеңбер болып орналасады. Ішкі шеңбер болып орналасқан оқушылар, сыртқы шеңберге орналасқан оқушыларға сұрақ қоя отырып, диалог жүргізеді немесе сыртқы шеңберде орналасқан оқушылар сұрақ береді. Шеңбер жасап тұрған оқушылар сағат тілі бойынша жүре отырып, барлық оқушымен кездесіп өзара диалогтік қарым-қатынас орнатады. Бұл тәсіл оқушыларды өзара білім алмасуына тиімді және үй тапсырмасын сұрауға, қайталауға арналған тақырыптарды сұрауға таптырмайтын тәсіл деп ойлаймын.

«INSERT» әдісімен мәтінді үш бөлікке бөліп, үш топқа бөліп берілді. Оқушылар өздері жаңа сабақты оқып, өздері талдап, түсіндіріп, қорғайды.

"Жауапқа сұрақ"әдісіне келетін болсам, "Сұраққа жауап" әдісінен «Жауапқа сұрақ» әдісі әлдеқайда тиімді. Өйткені сұраққа жауап бергеннен гөрі , жауапқа сұрақ тудыру күрделі ойлауды қажет етеді. Сабаққа негіз болатын сөзді жауап ретінде тақтаға жазып қоямын. Оқушылар берілген жауапқа бірнеше сұрақтар тудыру арқылы білімдерін дамытады

Қоршаған ортаның бала тілін дамытудағы рөлі

СОВЕТХАНҚЫЗЫ АЙЖАН

Алматы облысы Талдықорған қаласы «Еңбек ауылындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар №22 орта мектеп» КММ. Тәрбиеші

Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, мектепте жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады.

Біздің қоғамымызда тәрбиелік мәні, дүние танымдық орны жоғары бағаланады. Мектепке дейінгі тәрбие үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы.

Бүгінде мектепке дейінгі мекемелердің мазмұнын жаңарту, басқаруды жетілдіру, балабақшалар желісін сақтау тұрғысынан біршама игі істер жүргізілуде. Балалар бақшасында тәрбие бағдарламасының ең ауқымды бөлімі балаларға айналадағы өмірді, түрлі заттар мен құбылыстарды бақылатуға арналған. Өйткені сәби тұңғыш білім-дағдыларын өмірден алады.

Айналасындағы адамдарды іс-әрекетін, табиғат пен жан-жануарлар дүниесін қоғамдық өмірді бақылап көру, сезініп түсіну арқылы ой-өрісі кеңейіп, тілі дамиды лексикалық қоры молаяды. Осының нәтижесінде ол басқалармен сөздік қарым-қатынас жасайды. Қоршаған ортамен таныстыру барысында, балалардың тілі дамиды: олар заттарды танып, қасиеттерін және атауларын біледі, өз пікірлерін айтуға, сұрақ қоюға, сұрақтарға жауап беруге, көргендерін айтып беруге үйренеді. Әрбір затты танып білуге кезінде балаларға сұрақтар қойып, әңгімелету арқылы сөздік қоры дами түседі.


Ұйымдастыру оқу іс-әрекеті процесінде дидактикалық ойындар, жаттығулар, балалармен қарым-қатынас жасау арқылы педагог балалардың тілін дамыта отырып, заттар туралы нақты білім беріп, сөздік қорын молайтуға ден қояды. Қоршаған ортамен таныстыру барысында бақылау жасаудан, мақсатты серуен және топтық саяхаттан алған әсерлерін, білімдерін нақтылау мақсатында әңгіме құру жұмысы кең көлемде жүргізіліп отырулы тиіс.

«Не өзгерді?»

Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.

Көнекіліктер: Жеміс пен көкөністің мультфильмі.

Ойын барысы: Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір-екі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністің арасынан біреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не



өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады...

«Жыл мезгілдері»

Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс,көктем,жаз,күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.
Көрнекіліктер: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары.

Ойын барысы: Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады, әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар.

Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады. (мысалы: қыс мезгіліне қар, шырша, аққала т.б.)

«Зоологиялық фриздер»

Мақсаты: Балаларды антоним сөздері туралы түсініктерін қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап салыстырып талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен үй жануарлары құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: жабайы аңдар мен үй жануарлары

Ойын барысы: Зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торлауға орналастыру қажет.

Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян, тиін кіші торға орналастыруы қажет. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен, қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастыр.



«Заттық фриздер»

Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту.

Көрнекіліктер: ыдыс, суреттер (көкөністер мен жемістер) муляж, қоржын.

Ойын шарты: Әр түрлі жемістер немесе көкөністер суретті муляждары салынған ыдыстан бір затты алады. Сонан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады.

Бала ыдыстан немесе қоржыннан алманы алып пішінін, түсін, дәмін және қасиеттерін айтады. Көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да сипаттайды, атын айтады.

«Не қайда өседі?»

Мақсаты:Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту,өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.

Көрнекіліктер:бақ пен бақшаның,жеміс пен көкөністердің суреті.

Ойын шарты:бақ пен бақша салынған.



«Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата»

Мақсаты:Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін,зейінің тәрбиелеу,белсенділігін артыру.

Көрнекіліктер:орманның суреттері салынған үлкен картаның астындағы бос тор көздер,тиісті жануарлар.



Ойынның барысы:ойыншылар екі топқа бөлініп,әртүрлі табиғат көрінісі салынған бір-бір үлкен картадан алады. Жүргізушінің белгісі бойынша балалар жануарлар бейнеленген үлестірімелі карточкаларды үлкен картадағы салынған сурет мазмұнына қарай бос тор көздерге орналастырады. Кім бос тор көздерді толтырып, жануарларды дұрыс атаса,сол жеңіске жетеді.

№ F00068 18.10.2021 ж

Қысқы киімдер

СЕРІКБАЙ ГҮЛБАЛА БЕКӘДІЛҚЫЗЫ

Түркістан қаласы ТООӘДБ «Тілінде ауыр кемістігі бар балаларға арналған облыстық арнайы мектеп- интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мектепке дейінгі топ тәрбиешісі

«Коммуникация»

Оқуіс-әрекеті: Сөйлеуді дамыту

Тақырыбы: «Қысқы киімдер»

Мақсаты: Балаларға киім, киім түрлері, қысқы киімдер туралы түсінік беру. Қысқы киімдерді ажырата білуге үйрету. Ойын ойнау арқылы сөйлеу түрлерін дамыту. Тілдің грамматикалық құрылымын дамыту. Сөйлем құрату арқылы сөздік қорын молайту. Киімді ұқыпты, таза киюге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Қысқы киімдердің суреттері.

Мотивациялық қозғаушылық:

-Көңіл-күйіміз қалай?

Шаттық шеңбері:

Үлкенге де сіз,

Кішіге де сіз,

Үлкендерді құрметтеп,

Бас иеміз біз.

Қазір жылдың қай мезгілі?

-Қыс мезгілінде неше ай бар?

-үш айдың атын атайықшы.

-Қыс мезгілінде ауа-райы қандай болады?

-Күн жылы болғанда біз қалай киінеміз?

-Дұрыс айтасыңдар балалар қалың киінеміз.

Артикуляциялық жаттығулар:

-Күн суығанда қолымыз тоңып қалады. Қолымызды жылытамыз. (алақанды үрлеу).

-Бүгінгі оқу іс-әрекетінде «Қысқы киімдер».

-Балалар өткен аптада қысқы киімдермен танысқан болатынбыз.

Суретке қарандаршы.

Тонды үстімізге киеміз.

Қалпақты басымызға киеміз.

Қолғапты қолымызға киеміз.

Етікті аяғымызға киеміз.

Қысқы киімдер туралы санамақтар

Бір дегенім -бөрік,
Кисең басқа көрік.
Екі дегенім – етік.
Киер сәнді етіп,
Үш дегенім – ішік.
Теріден тігер пішіп,
Төрт дегенім – тымақ.
Қыста кисең жылы-ақ.
Бес дегенім – байпақ.
Іші жылы тайпақ.

Сергіту сәті:

Тоңса егер қолымыз,
Қолғап киіп аламыз
Сарт - сарт – сар
Шапалақты қағамыз.
Тоңса егер аяғымыз
Етік киіп аламыз.
Топ — топ – топ
Топылдатып билейміз.

Ойын: «Қуыршақты киіндіру».

Тілширату:

Ақ - ақ-ақ – жылы тымақ,
Ік - ік - ік-сәнді етік.
Ал - ап-ап – киеміз қолғап,

Ойын: Суретке қарап сөйлем құрау.

Сұрақ – жауап:

-Балалар біз не туралы әңгімеледік?
-Қуыршаққа қандай киім киіндірдік ?
-Ойын сендерге ұнадыма?

Қорытынды: Мақтап ,мадақтау

№ F00075 18.10.2021 ж

Жаңартылған білім беруде қашықтықтан оқуды ұйымдастыру

ДӘНИЯР ЖІБЕК ҚҰРМАНТАЙҚЫЗЫ

Алматы қаласы КММ "Даму интеллектуалдық қабілеті төмен балаларға арналған №6 арнайы (түзету) мектеп-интернаты" Дефектолог, бастауыш сынып мұғалімі

Бүгінгі таңда елімізде білім беру мазмұны жаңа бағытқа бет бұрды. Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілуде. Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құру және коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу болып табылады десек, оларды жүзеге асырудың бір жолы – оқыту процесінде топтық оқытуды қолдану болып табылады.

Жаңа қоғамға қажетті тұлғаны дайындауда топтық оқытудың қажеттілігі өмір талабы екендігі айқын сезіледі.

Оқытудың топтық формасы деп – оқу тапсырмасын бірігіп орындау үшін сынып базасында құрылған жұмысшы топтардың іс-әрекетін ұйымдастыру түрін айтады. Топтық оқытудың басты мақсаты – оқушыларды шағын топтағы бірлескен жұмысқа тарту. Топтық жұмыстар – оқушылардың танымдық қызмет үдерісіне көтеріңкі көңіл-күймен қатысуын, зерттеу тақырыбын түйсініп, терең зерделеуді, алынған білімнің тұтастығы мен оқушылардың танымдық белсенділігін қамтамасыз етеді.

Дәстүрлі ұйымдастырылған оқу үдерісіне қарағанда, топтық жұмыс арқылы оқыту үдерісінде оқушылар көп мағлұмат алады, ойын үдерісінде жағымды эмоциялар алып, белсенділігі артады, сөздік қоры дамиды жеке тұлғаның қажеттіліктері қанағаттандырылады.

Дұрыс ұйымдастырылған топтық жұмыс – командада шығармашылықпен ынтымақтастықта жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Бұрын әркім өз бетінше ізденіп жұмыстанып, белсенді балалар нәтижеге жетіп отырса, көмекке зәру бала өз ойының дұрыс бұрыстығына көз жеткізе алмай білмеген күйде қалып отырды. Топта оқушылар өз даралығын жоғалтпайды, қажетті жағдайда олар бір-бірінен көмек сұрап, ортақ міндеттерді шешеді.

Топтық жұмыс барысында топтасып постер дайындау, бірлесіп тапсырмаларды орындау, ресурстарды талдау жұмыстары барысында бір-бірімен ой бөліседі, өзінің білмегенін талқылау барысында тыңдау арқылы біледі, естігеніне қорытынды жасап, жүйелі талқылауға қатысады, бағалап, талдап, өз пікірлерін білдіре алады және бәрі бір тоқтамға келіп, берілген мәселені бірлесе отырып шешіп, оны қорғауға өз үлестерін қосады, тұжырым шығарады.

Топтық жұмыс формалары оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін, танымдық процестерді дамытуға, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға, тұлғаның қиындықтарға даяр болу және жеңе білу, танымдық, сыйласу, шығармашылық өзін-өзі өзектілендіруге ықпал етуде алатын орны ерекше.

Топ – қазіргі адамның қоғамдық өмірін ұйымдастырудың басты тәсілі, оның ажырамас қасиеті болып табылады.

Топтық жұмыс өзінің барлық белгілері көрініс табатын оқу ынтымақтастығының идеалды моделі болып табылады

Топтық жұмыс дәстүрлі сынып-сабақ жүйесіне қарағанда оқушылардың бір-бірімен байланысын құруға мүмкіндік береді. Олар жеке жұмысқа қарағанда топтық жұмыста тапсырмаларды жақсы орындайды және сабақтағы психологиялық микроклимат жақсарады.

Топтық жұмыстың педагогикалық құндылығы – оның жалпы бала тұлғасын қалыптастыруға, оның ақыл-ой қабілеттерін дамытуға жағымды әсер етуінде.

Қазіргі мектепте топтық жұмыстарды ұйымдастыруды оқу үдерісін жандандыру және жылдамдату үшін пайдаланады.

Ғалым Шаталов топта жұмыс істеудің “сабақта қияр тұздау” сияқты әдісін ұсынады, яғни тұзды суға түскен қиярдың тұздалатыны секілді топтық жұмысқа қатысу арқылы білмегенінді үйрену. Топта жұмыс істеу механизмін іске дұрыс қосқанда, оқушының білмегенін білуге ұмтылысы нәтижелі болады. Топтық жұмыстар тиімді әрі көңілден шығу үшін жақсы ұйымдастыру қажет.

Ол үшін:

2. Топтардың құрамын жиі өзгертіңіз, әрбір оқушы қалған барлық оқушылармен жұмыс жасай алатын болсын. Оқушылар тек өз достармен ғана жұмыс жасамауы керек. Ұлдар мен қыздардан немесе ұлты әр түрлі балалардан құралған аралас топтың жұмысы жақсы нәтиже көрсетеді. Топтың құрамын әр түрлі етіп өзгертуге болады.
3. Әрбір топ мүшелері өз ролін толық түсінгенін біліңіз. Мысалы: 1 нөмірлі сен хатшысың, 2 нөмірлі сен реттейсің деген сияқты т.б.
4. Оқушылар басқалардың да өз пікірін айту құқығын сыйлауы керек.
5. Оқушылардың барлығының жұмыс жасауына назар аударыңыз.
6. Жұмысын ерте бітірген оқушыларға жеке тағы да тапсырма беріңіз.

7. Топпен жұмыс жасау барысында оқушылар бір-бірін қорқытуы мүмкін. Мысалға сен мені қошта, болмаса маған 5 қой деген сияқты. Сондай бұзақылық жағдай болмау үшін бұзық оқушыларыңызға төреші, хатшы, реттеуші боласың деу керек.
8. Топпен жұмыс жүргізгенде жұмыс шуы болады. Ол үшін жұмыс жасау барысындағы шу мен күнделікті болатын шуды айыра білуіңіз керек.
9. Мұғалім – бақылаушы қызметін атқарады.
10. Оқушылардың мәселелерді толық талқылап жатқанын бақылау.
11. Топқа бөліп жұмыс жасату ойын емес, бұл проблеманы, мәселені шешудің бірден – бір жолы екенін оқушыларды топқа бөлерде ескертіп өту қажет.
12. Топтық жұмысты жариялау кезінде тақтаға шығып сөйлеу қажет. Себебі, барлық оқушының назары сол баяндамашыда болады.
13. Топпен жұмысты барлық сыныпта қолданғаннан гөрі бір сыныпта жүргізіп, балаларды жаттықтырып алған жөн. 1. Топтың көлемі. Ресми топ салыстырмалы түрде үлкен болмау керек деген пікір бар. Кит Девис топтағы адамдар саны бесеу болу керек деп есептейді. Ральф Дэвис бойынша тамаша топ 3-9 адам. 3. Топтық нормалар. Топ басшылары топтың өзге мүшелеріне қарағанда өздерін басқаша сезінеді. Оларда топтық қызығушылықты бағындыратын топтық рух басым болады.
14. 4. Топтық сананы құру амалдары:
15. 2. Топтың құралы. Құрылу кезінде топта ұқсамайтын тұлғалар болу керек, бұл үлкен тиімділікке әкелуі мүмкін. Көптеген көзқарастар және қабылдаулардың көмегі өз жемісін береді.
16. Топтардың тиімділігіне ықпал ететін факторлар:
 - мақсатқа сенімділік;
 - мүшелердің бір-біріне сенімділігі;
 - жетекшіліктің оңтайлы стилі;
 - басқаруға қатысу. Топтық уақыт өткізудің мәні мен жалпыға ортақтығын Д.Картрайттың және А.Зандердің мына сөздері дәлелдейді: “егер ... болжамдық марстық адам Жерді бір қарап шықса, ол, мүмкін, жер адамдарының бір нәрсені топта жасап, өз уақытының сонша бөлігін бірге өткізетініне таң қалатын шығар?” Топтық жұмыс формалары оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға, тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оларды жеңе білу, танымдық, сыйласу, шығармашылық өзін-өзі өзектілендіруге ықпал етуде алатын орны ерекше.
 - Г.А. Цукерман әлемде жүргізілген зерттеулерді жалпылау кезінде, топтық оқу іс-әрекетіндегі келесі мәселерді көрсетеді:
 - Бүгінгі таңда топтық жұмыс оқыту үдерісінің тиімді тәсілдерінің бірі деп есептеледі. Ол сабақта табиғи тілдік қатынас жағдайын құруға әсер етеді, оқушыларды оқу үдерісіне белсенді қатысуға еріксіз тартады, ынталандырады,

оқып-үйренуге деген қызығушылығын тудырады. Сондай-ақ, топтық жұмыс оқушылардың өздерін сенімділікке тәрбиелейді, өзін-өзі ортада ұстай білуге, бірін-бірі тыңдауға, сыни ойлануға, пікірлердің сан алуан болатындығын жақсырақ түсінуге үйренеді, өз пікірін айтуға құқығының бар екенін сезінеді.

• Сынып-сабақ жүйесінің жалпыдан жеке және топтық формаға өтуі мода емес, бұл заман талабы.

1. балалардың танымдық белсенділігі мен шығармашылық деңгейі өседі;
2. оқушылар арасындағы өзара қатынас сипаты өзгереді;
3. оқушылар маңызды әлеуметтік дағдыларға ие болады: әдеп, жауапкершілік, басқалардың позициясын есепке ала отырып, өз мінез-құлқын қалыптастыру іскерлігі,
4. қарым-қатынастың гуманистік түрткілері;
5. мұғалім топқа бөлуде балалардың өзара бейімділіктерін, олардың дайындық деңгейлерін, жұмыс қарқындарын есепке ала отырып, оқытуда дараландыру мүмкіндігін алады.

Қазіргі заманғы оқыту мектептен, яғни мұғалімнен оқушылардың психикалық және физикалық денсаулығын қорғауды талап етіп отырғандықтан, іс-әрекетті ұйымдастырудың топтық формасы тәжірибесі өзекті әрі болашақта дамушы болып есептеледі. Олардың бастамашылдығын, дербестігін қолдау, баланың мектепке келуіне байланысты бірлесіп, серіктесіп жұмыс істеу, басқалармен тығыз қарым – қатынаста болу дағдысын қалыптастыру, өзіндік таңдауға үйрету қажет

№ F00073 18.10.2021 ж

Сәлем саған, Алтын күз!

ҚАДЫЛ ФАРИЗА МҰХИТҚЫЗЫ

Алматы қаласы КММ "Н.Островский атындағы зағиптер және көздері нашар көретін балаларға арналған №4 арнайы мектеп-интернатының" тәрбиешісі

Мақсаты: Жас ұрпаққа қоршаған ортадағы түрлі құбылыстарды және күз кереметтілігін нақты айқындап ашуға, табиғатты сүйюге, сақтауға үйрету. Инабатты, иманды, іскер, мәдениетті, жеке тұлғаны қалыптастыру. Ұқыптылыққа, шымырда шапшаң ой жүйріктілігіне, талғампаздыққа, таза әдемі болуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Сахнада күз көріністері, күздік дастархан мәзірі, нақыл сөздер, шар.

Қатысушылар: 1-4 сынып оқушылары

Іс-шара барысы:

Мұғалім: -Армысыздар, ұлағатты ұстаздар! Ата – аналар!
Бармысыздар, жадыраған жас достар!
Береке, бақ дарыған
Жомарт көңіл, жарқын жаз,
Сары алтынға малынған,
Жетті міне алтын күз!

Бүгінгі бастауыш сыныптар арасында өтіп жатқан «Алтын күз» ертеңгілігіне қош келдіңіздер.!

Табиғат – күллі тіршілік атаулының құтты қонысы, алтын ұя бесігі, құт берекесі. Осы табиғаттың төрт мезгілінің өзіне тән ерекшелігі, жақсылығы әр түрлі мерекесі, берекесі бар. Соның ішінде күз мезгілінің алтын орны ерекше. Күз дегеніміз – байлық, молшылық, қауырт еңбек кезеңі. Олай дейтін себебіміз – күзде егін, астық, көкөніс, жеміс – жидектер көп піседі.

1. жүргізуші: Ал, енді біздің астықтарымызды тыңдап көрейік.

2. **Бидай:** Нан атасы бидаймын,

Нанды елге сыйлаймын.

Піскенімде мен қырда,

Қауызыма сыймаймың.

3. **Тары:** Ақ, қарамын, сарымын,

Мен атақты тарымын.

Еңбегімнің жаз бойғы

Қайтарамын қарымын.

4. **Сұлы:** Мен сұлымын шырағым,
Барлық малға ұнадым.

Ауырлаған басымды,
Көтере алмай тұрамын.

5. **Арпа:** Қызыл мұртты арпамын,
Бірыс – құтты арнамын.
Машинаға мініп ап,

Жүргізуші: Бүгінгі біздің ертеңгілігіміз сайыс түрінде өтеді. Сайыс 3 кезеңнен тұрады.

I - бөлім «Күз ханшайымы» өз қолдарынан жасалған көйлектерінің көрсетілімі.

II - бөлім Өнер көрсету. Алтын күз мерекесіне арнайы дайындаған ән, би жаттауларын ортаға салады.

III – бөлім бөлім «Күз байлығы» оқушылардың күздік бау бақшалардан жинаған дастархан мәзірі мен өз қолдарымен жасалған жұмыстары қойылған. Біздің көзі қырағы әділқазылар алқасы осы жұмыстарды да бағалайды.

Сонымен қатар мереке барысында сайыстар, түрлі ойындар ойналады. Белсене қатысқан оқушыларға сый-сыяпатымыз да бар.

Ендеше сайысымызды бастамас бұрын әділқазылар алқасымен танысып алайық.

Күз – береке, күз – молшылық, күз – қуаныш, күз – шаттық дей отырып мерекеміздің алғашқы кезеңін бастауға рұқсат етіңіздер.

(Музыка ойнап тұрады. Қатысушылар ортада өз көйлектерінің таныстырылымын көрсетеді.)

Жүргізуші: «Өнерлі өрге жүзер» демекші 2 кезең өнер сайысын бастайық
Ойын «Кім жылдам»

Шарты: Көздері байланған балалар белгілі уақыт ішінде жерде шашылып жатқан картоптарды жинап алулары керек.

Ойын

«Қандай жеміс» Шарты: Көздері байлаулы ойыншылар қолдарымен сипап сезу арқылы қандай жеміс немесе көкөніс екенін табу)

Жүргізуші: Келесі сайысымыз «Күз байлығы» деп аталады. Қазір әділқазылар алқасы әр үстелдің қасына барып, танысады. Осы уақыт аралығында жоғары сынып оқушылары дайындаған шағын көріністі бірге тамашалайық.

Ал, балалар, балалар,
Жұмбақтарды тыңдаңдар,
Қандай жұмбақ айтсақ та,
Шешпей оны қоймаңдар.

Мен сендерге жұмбақтар жасырам сендер қолдарынды көтеріп жауап бересіңдер. Кім көп табады екен.

1. Бұл не деген көп киім,
Жетпіс қабат көп киім.
Жаңбыр одан өтеді,
Түймелеуге жетпейді.
(қырыққабат)

2. Бақшаның алып жемісі,
Қайнамай піспес келісі.
Қоңыр күзде сақтайды,
Сары майдай ел іші.
(асқабак)

3. Дала тегіс сарғайды,
Шаруа қысқа қамдалды.
Күн қысқара бастады,
Тауға тұңғыш қар жауды.
(күз)

4. Іші жұмсақ, сырты қатты,
Еті қызыл, сүті тәтті.
(қарбыз)

7. Үстіне тігіп көк шатыр, Сырты жасыл қатты
Астында қызыл дәу жатыр Іші қызыл тәтті.
(қарбыз)
(қызылша)

Жерде жатып желіндейді, Әр желінің асты толған көк қоян
Күз түскенше желінбейді. Жаз болғанда көк қоянды жеп қоям.
(қауын) (қияр)
Бұтағында азығы
Ортасында қазығы.
(алма)

8: Доп – домалақ сары
Ішінде бар дәні.
Қызығасың көріп,
Оның аты ... (Өрік)

9. Бір сабақта көп түйме,
Жей алмайсың көк күйде.
Санап қара қанша,
Оның аты ... (Шие)

Жүргізуші: Ал ендеше бүгінгі сайысымыздың қорытындысын білу үшін әділқазыларға сөз берейік.

Жүргізуші: Күз – адам баласына молшылық, береке әкелетін мезгіл.

Сондықтан да адамдар күзге берекелі күз, алтын күз деп баға берген. Алтын, себебі, біріншіден, айналаның бәрі сап-сары бояуға малынған, екіншіден, алтын – байлықтың белгісі. Екеуін астастырып Алтын күз деп атаған. Күз мезгілі берекелі де мерекелі болсын!

Осымен «Алтын күз!» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Назарларыңызға рахмет!

Дене тәрбиесі - салауатты өмір негізі.

ИБРАЕВ ЕРБОЛАТ НУРДАУЛЕТОВИЧ

*Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы, Мичурин ауылдық округі,
«Мичурин «мектеп—бөбекжай—балабақша» кешені» КММ
Дене шынықтыру пәні мұғалімі*

Бүкіл әлемдегі дәрігерлер мен педагогтар әлдеқашан ортақ пікірге келген еді: ұлт денсаулығын сақтап қалу үшін барлық күш жігерді біріктіру және оны балалар денсаулығын қорғауға бағыттау қажет.

XXI ғасыр–ақпараттардың аса молдығы бойынша бұрын-соңды болмаған ғасыр. Біз балаларға денсаулықты сақтау, түрлі аурулардың алдын-алу, салауатты өмір салты туралы көп айтып жүрміз.

Ал, бұл мәселелерді шешу балалар денсаулығын сақтау, оның ішінде дене тәрбиесі, психологиялық тұрақтылықты арттыру, орынды тамақтану және көптеген басқа мәселелер бойынша маңызды жұмыстарды қажет етеді. Мектеп мұғалімінің алдында оқушыларға білім берумен қатар олардың дені сау, дене бітімінің дұрыс жетілуін қадағалау міндеті тұр. Бүгінгі алдымызда отырған оқушы -ертеңгі еліміздің экономикалық қуатын, мәдени және рухани байлығын жақсартуға ықпал ететін жеке тұлға.

Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі. Қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге деген белсенділігі мен ізгілікті қатынастарын дамытуға бағытталған.

Дене тәрбиесі-өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады. Жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

Дене тәрбиесін ұйымдастыру түрлері оқушының өз бетінше ұйымдастырылған жұмыстарымен толықтырылған жағдайда нәтижелі болады. Оқушының күнделікті қозғалыс тәртібін толықтыруға арналған жұмыс түрлері дене тәрбиесі жүйесінің элементтері есебінде болды:

- Таңертеңгі гимнастикалық жаттығулар. Күнде таңертеңгілік 9-10 жаттығудан тұратын кешен. Бұл оқушылардың орталық нерв жүйесін қалыпқа келтіріп, оқушы ағзасын сергітеді.
- Мектепке дейінгі және үйге қайтар жолдағы серуен. Таза ауада жаяу жүрудің өзі шынығу, сауықтыру әсерін тигізеді.

- Оқу сабақтарына дейінгі жаттығу. Сабақтағы нәтижелі іс-әрекет пен оқу күнін белсенді бастауға мүмкіндік туғызады.
- Дене тәрбиесі сабақтары. Бұл сабақтар мазмұны мемлекеттік талап пен оқу бағдарламасына сәйкес белгіленіп, оқушылардың күші мен жылдамдығын, ептілігі мен шыдамдылығын, ерік-жігерін, батылдық пен табандылықты және тез шешім қабылдау секілді тәрбиелік қасиеттерді дамытады.
- Сабақ үстінде сергіту минуттары. Ой еңбегі барысында ағзаның тынығуына әсерін тигізеді.
- Үлкен үзіліс кезіндегі дене жаттығулары мен қозғалмалы ойындар. Оқу күні ортасында оқушылардың белсенді демалысын қамтамасыз етеді.
- Спорттық үйірмелер, ұйымдар мен топтардағы жұмыс. Белгіленген спорт саласы бойынша оқушының жалпы және арнайы дайындығын көрсетіп, дене жаттығуларымен жүйелі айналысуды қамтамасыз етеді.
- Жалпы мектепшілік спорттық бұқаралық шаралар. Бұл жұмыс түріне денсаулық және спорт айлықтары, спорттық мерекелер, жалпы мектепшілік сайыстар жатады.

Бұл шаралар барлық оқушының спорт пен дене тәрбиесі жаттығуларына қызығушылығын туғызып, салауатты өмір салтының негізін қалайды.

- Өз бетінше дене жаттығуларымен айналысу. Бұл жұмыс түрі қозғалыс тәртібінің маңызды бөлігі. Кей жағдайда ең тиімді әдіс болып есептелінеді, себебі оқушының жеке тұлғалық қызығушылықтары мен қабілетіне, сұранысына сәйкес ұйымдастырылған жұмыс өз нәтижесін береді.

Денсаулық-байлық қана емес, ол адам бақытының бастауы, тіршілік көзі. Ұлы ақын Абай данамызда «Денсаулық- терең бақыт» деген.

Ғылым мен техниканың күн санап қарыштап дамуы, экологиялық зардаптардың белең алуы, ой еңбегі мен дене еңбегінің ара қатынасының алшақтауы, әр-түрлі зиянды әдеттердің (шылым шегу, алкоголь ішімдігі, есірткі пайдалану т.б) пайда болуы секілді құбылыстарға қарсы, салауатты өмір салтын қалыптастыратын тегеурінді күш иесі-спорт. Спортпен шұғылданған баланың денсаулығы мықты, өзі әлді, төзімді, икемді, әрі нәтижелі болады. Еліміздің келешегін жалғастыратын жігерлі, білімді азамат болып шығады.

Салауатты өмір салтының насихатталуы, ауыл мектебіндегі спорттың өсуі, одан әрі өркендеуі, әлемдік деңгейге жетуі, кейінгі жастар үшін үлгі-өнеге болатыны үлкен дәлел.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасында

«Салауатты әрі гүлденген экономика құрмайынша, біз қуатты мемлекет пен қарулы күштер құра алмаймыз, демографиялық, экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шеше алмаймыз, әрбір адамның жеке басының қадір-қасиеті мен әл-ауқатын арттыра алмаймыз», -деген болатын. Елбасымыздың осы тұжырымы арқылы, мұғалімдер ұжымы өз алдымыздағы қоғамдық міндеттің жауаптылығын сезінуіміз қажет.

Оқушылардың денсаулық жағдайын, дене бітімінің дамуымен қозғалыс әрекетін ескере отырып, оларға жеке көңіл бөліп, дене тәрбиесі сабағына қойылатын басты талаптардың бірі болып табылады. Дене тәрбиесіндегі бағдарламалық, материалды оқушылар ойдағыдай меңгеруі үшін мынадай талаптарды орындауды қадағалаймын: Дене тәрбиесі сабақтарына міндетті түрде қатысу өзінің дене шынықтыру даярлығын арттыру және спорттық шеберлігін арттыру; Жыл ішінде бағдарламалық материалдық негізгі бөлімдері жөніндегі бақылау көрсеткіштерін орындау; мектеп спорттық бұхаралық бағытта өткізілетін шараларға және дене шынықтыру.

Сауықтыру жұмысына белсене қатысу; дене тәрбиесі мұғалімінің нұсқау кеңестерін пайдалана отырып, дене жаттығуларын өз бетінше орындау; дене тәрбиесінің пәнінің теориялық бөлімінің талаптарын білу және тәжірибе жүзінде қолдану; өзінің спорт киімінің болуы. Оқушылардың ұлттық рухта тәрбиелеу мақсатында дене шынықтыру пәні барысында қазақтың ұлттық ойындарын жиі қолданамын. Сабақтан тыс уақыттарда ұлттық ойындардан асық, көкпар, күш сынасу, бәйге, арқан тарту ойындарын ойнап отырамыз.

Қорыта келгенде, тәуелсіз елімізге білімді, саналы, парасатты адамды тәрбиелеу үшін ұшқыр ойлы, тәні таза, денсаулығы мықты, адал да терең білімді жоғары талғамды шәкірт тәрбиелеу басты міндетім деп санаймын.

№ G00008 18.10.2021 ж

Шоқ жұлдыздары

ИБРАЕВА НАДЕЖДА ГАБДУЛЛИЕВНА

*Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы, Мичурин ауылдық округі,
«Мичурин» мектеп—бөбекжай—балабақша» КММ
Математика пәні мұғалімі*

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытып, ой-өрісін кеңейтіп және пәнге деген қызығушылығын арттыруға тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Дәстүрлі емес сайыс-сабағы.

Көрнекіліктері: плакаттар, сиқырлы қобдиша, безендірілген бөлме, зал.

Сабақтың шарты: Берілген математикалық есептерге, сұрақтарға және ойындарға қасқағым сәтте тез, шапшаң жауап беру керек. Өзінің тапқырлығын көрсеткен сайыскер жұлдызшаға ие болады. Сабақтың соңында кім көп жұлдызша жинаса, жеңімпаз атанады.

Сабақтың барысы:

1. Сабақтың кезеңдері:

I кезең: «Шапшаң есептейік!»

II кезең: «Жедел, тез ойлайық!»

III кезең: «Кім алғыр және тапқыр!»

IV кезең: «Ойнайық та, ойлайық!»

V кезең: «Мақал-мәтелдер, жұмбақтар»

2. Қорытынды.

I кезең. «Шапшаң есептейік!»

А) Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің ең төменгі еңбек ақы 1-ші қаңтардан 30% өседі делінген. Егер өткен жылда ең төмен еңбек ақысы 45000 теңге болса, осы жылда ол қанша теңге болады?

Ә) Жеті саны арқылы, желпініп бір қалайық, ой сергітіп алайық!

Қатарынан алынған төрт рет жеті санын, бір бағанның бойында он рет жазамыз. Араларына амалдар таңбаларын қойғанда, олардың шешімдері өсу ретімен алынған алғашқы бірден онға дейінгі натурал сандарға тең.

$$77:77 = 1$$

$$77:7 - 7 = 4$$

$$(7-7):7 + 7 = 7$$

$$7:7 + 7:7 = 2$$

$$7 - (7+7):7 = 5$$

$$(7 + 7*7):7 = 8$$

$$(77 - 7):7 = 10$$

$$(7+7+7):7 = 3$$

$$(7*7 - 7):7 = 6$$

$$7 + (7 + 7):7 = 9$$

II кезең. «Жедел, тез ойлайық!»

1. 666 санын ешқандай амал қолданбай біржарым есе арттыру керек.
999
2. «Екі сегіз - он алты және сегіз, және алты жанап жүрген бір алты, қосындысы неше алты?
 $2*8 + 8 + 6 + 6 = 36 = 6*6$
3. Екі аяғымда саусақ он бес бір қолымда, тағы сонша екінші қолымда. Сонда менің саусағым нешеу?
/он сөзінен кейін үтір қойып санаймыз/

III кезең. «Кім алғыр және тапқыр!»


- Халқымыз адамның өмірін 100 жылға шамалап, оны 8 мүшел жасқа бөлген.
1-ші балалық мүшел жас – 13 жас.
2-ші жігіттік мүшел жас – 25 және 37 жас
3-ағалық мүшел жас – 49 және 61 жас
4-ші аталық жас – 73 жас
5-ші кәрілік мүшел жас – 85 және 97 жас.
Қонақтарға «Неше жастасыз?» деген сұрақ қойып, нешінші жылғы және нешінші мүшелде екендігін анықтаймыз.
- «Сан ретін тап» - сандарды өсу ретімен оқығанда «Қанатты сөз» шығады.

Қанатты сөз

Жауабы: Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар.

IV кезең. «Ойнайық та, ойлайық!»

- Берілген 32 тор көзді шахмат ойнындағы аттың жүрісі бойынша бөлгенде неше тең фигура шығады?



8 тең фигура шығады

- «Сықырлы фокус».
Бір сан ойлаңыз. Сол саннан 1-ді шегеріңіз. Айырманы 2-ге көбейтіп, шыққан көбейтіндіге алғашқы ойлаған санды қосыңыз. Нәтижесінде қандай сан шыққанын айтыңыз, сіз ойлаған санды тауып беремін. $(x - 1)*2 + x = y$, шешуі: $(y + 2) : 3 = x$
- «Танграм» ойыны шахматтан бұрын пайда болған қытай ойыны. Жеті бөліктен тұратын квадрат берілген. Осы бөліктерден фигуралар құрастыру

керек. Мысалы: үй, кеме, жануарлар. Картоннан жасалған бөліктерден құрастырып көрейік.

V кезең. Сандарға байланысты мақал-мәтелдер.

1. Бес бармақ жиналса, жұдырық болады.
2. Бір кісі қазған құдықтан мың кісі су ішеді.
3. Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім іл.
4. Досыңды үш күн сынама, үш жыл сына.
5. Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды.
6. Жүз теңгең болғанша жүз жолдасың болсын.

**Мұқият, халық, тыңдайық,
Жұмбаққа назар салайық!**

1. Жүз төрт түйме, он бір ине /есепшот/
2. Атадан он баламыз,
Бір-бір жастан арамыз.
Қосылып кейде басымыз,
Азайып кейде қаламыз.
Бөлініп кейде арамыз,
Көбейіп те аламыз. /цифрлар/
3. Жоқ өзінде бас та, қас та, мойын да,
Ұзындығы жазулы тұр бойында /сызғыш/
4. Санға қосып, алсақ,
Сол санның өзі шығады.
Санды оған бөлуге болмайтынын
Оқушылардың бәрі біледі. /нөл/
5. Санау үшін адамды, малды, талды,
Ертеден мұра болып қалды.
Ауадай қажет етеміз,
Күнделікті сол сандарды. /натурал сандар/

Қорытынды, марапаттау

№ G00009 18.10.2021 ж

Мен – жаңа форматтағы ұстазбын

УМИРЗАКОВА НАЗЕРКЕ НУРКАНАТОВНА

*Алматы қаласы Жетісу ауданы
«№109 Жалпы білім беретін мектеп» КММ
Бастауыш сынып мұғалімі*

«Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!»

/Н. Ә. Назарбаев./

Заман өзгеруде, менде заман талабына сай өзгере білуім керек — деген ұстаным әр ұстаздың бойынан табылуы керек.

Қазіргі әлемде болып жатқан өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау қажет екендігін паш етті. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы саясаткерлер үшін де, жалпы мектептер үшін де, соның ішінде мұғалімдер үшін де ең басты маңызды мәселе болып отырғаны: «XXI ғасырда нені оқыту керек?», «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындауы керек?» Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының мазмұны осы мәселені шешуге бағытталған. Даму мен үйрену бір үйдің егіз балалары секілді. Бір-біріңсіз толық салынбаған сурет секілді шимай болып қала береді. Дамығың келсе үйренесің, үйрене бастасаң, дамып жатсың деген сөз!

Жаңа заман талабына сай, әлеммен бірге өзгеру мақсатымен менде деңгейлік курсты оқып, жаңа форматтағы ұстаз ретінде қалыптасып келемін. Мұғалімнің ұстанымы оның көзқарастарын қалыптастыру барысына зор ықпал етеді, ал көзқарасы белгілі бір шешімдердің қабылдануымен сыныптағы іс әрекеттерді түсіндіру көзі болып табылады. Сондықтан кез келген мұғалімнің оқыту құралдары оның өз болжамдарының, білімі мен ұстанымының, көзқарастарының жиынтығынан тұруға тиіс.

Оқытудың қандай жолы қолданылса да, қарастырылатын екі көзқарас бар. Біріншіден, оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі, екіншіден оқытудың оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас нәтижесі ретінде қарастырылуы. Бірінші деңгей бағдарламасы құзырлы мұғалімнің алдына оқушының жан дүниесін жақсы түсіне білу жөнінде нақты міндеттеме қойып отыр. Сондықтан мұғалімнің бойында Шульман «үш көмекші» деп атаған қасиеттер болуы тиіс.

Осы ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры **Бауыржан Момышұлы** “Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз” деген.

Бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіруші адам – **Мұғалім**.

Ендеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек.

“Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға” деп Абай атамыз айтқандай, ұстаз еңбегінің қыр-сыры мол, қиын да жауапты, шығармашылық еңбек екендігін баршамыз мойындаймыз.

Менде ұстаздық жолымды мемлекеттік тілді өзге ұлт өкілдеріне үйретуге жиырма жыл бойы арнап келемін.

Қазіргі кезде оқыту үрдісін жоспарлаудың, қолданудың және бағалаудың жүйелі әдісі ретінде жаңа педагогикалық технологиялар түрлері көбейе түсуде.

Сондықтан осындай жаңартылған педагогикалық техногиялар ішінен өз қажеттісін таңдап алу – әр мұғалім үшін жауапты да іскерлікті талап ететін іс. В.И.Шепелдің айтуы бойынша, технология – өнер, шеберлік, біліктілік жағдайын зерттеуге бағытталаған іс-әрекеттердің жиынтығы ұғымын білдіреді.

Сабақ түрі жаңа заман талаптарына сай өзгеріп, жаңарып отырса, жеткіншектерге оның әсері мен ықпалы ерекше болады. Олардың эмоциялық сезім-түйсіктеріне әсер ете білген ізденістерден көп пайда болатыны айтпаса да түсінікті. Дайын білімді таратуға негізделген «дәстүрлі» әдіс арқылы алынған білім оқушылардың жинақтаған өзге білімдерімен тиімді сіңісе алмайды, сол себепті де механикалық есте сақтау, үстірт білім алу жағдайлары орын алады. Бұндай жолмен оқытудан алынған механикалық түрде есте сақталған мәліметтерді емтихан кездерінде ұтымды пайдалануға болады, бірақ мән-мағынасы терең меңгерілмей, жай ғана жатталғандықтан, тақырыпты оқыту аяқталған соң немесе емтихан біткен соң керексіз болып қалады және оқушы оны өмірде пайдалана алмайды. Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.

Оқыту туралы сындарлы түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді. Бұндай міндеттер оқушылардың оқыған тақырып бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша күмәнді ойларын білдіре алатындай, пікір-көзқарастарын нақтылап, жаңа ұғым-түсініктерін өрістетуге орайластырылып құрылады.

Мұғалім қызметіндегі маңызды дүние – кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінуі. Бұл жағдайда оқушының мәселені түсіну деңгейін анықтап, оның түсінігін толықтыруға немесе қайта құруға көмектесу мұғалімнің міндеті болып табылады. Менде өз сабақтарымда жаңа технологияларды қолданып жүрмін. Деңгейлік бағдарлама бойынша жұмыс жасай бастағаннан бастап, оқушылардың бойынан өзгерістер байқала бастады. Бұрынғы дәстүрлі сабақта оқушы мұғалімнің баға қоюын тосып, қатесін тауып бергенін күтіп отырса, қазір өз қатесін өзі тауып өзі түзетуге машықтанып келеді. Бір — бірін бағалау арқылы өз қателерін түсініп, өзгеге үйрету арқылы үйреніп отырады.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Қазақ тілі ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды. Ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ол қазақ тілі Мәңгілік Елдің мәңгілік тіліне айналды», - деген сөзі қазақ тілінің дамуына жаңа серпін беріп отыр. Мәңгілік елдің соғатын жүрегі қазақ тілімен байланысты болады десек, онда заман тынысын тани білген адамға дамудың күретамыры ақпараттық коммуникациялық технологиялармен байланысты екендігі де айқын. Осы мақсатпен аудандық қазақ тілі мұғалімдерімен «Тіл жанашырлары» атты қауымдастық құрып, биылғы жылы семинарлар өткіздім. Облыстық конференцияда «Дарынды және талантты балалармен жұмыс жүргізу жолдары» тақырыбында шеберлік сынып өткіздім. Осы тақырыппен аудандық семинарда шеберлік сынып, «Топтық жұмысты ұйымдастыру» тақырыбында коучинг өтті. Мектеп мұғалімдерімен де тәжірибе алмасып жүреміз. «Сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыруда интерактивті әдістерді қолдану» атты семинарда аудан мұғалімдері үшін тиімді өткізіліп, тәжірибе алмастық.

Астана қаласында өткен «Қазақ тілін оқытудағы инновациялық бастамалар» Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесі форумына қатысып алған мәліметтер бойынша аудан мұғалімдерімен ой бөлістік.

Біздің мақсатымыз- гүлденген қоғам орнату. «Ұлттық тіл — әр халықтың өзіне тән ой- санасын, парасатын, бүкіл болмыс- тіршілігі мен сезімін- түйсігін ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін күретамыр.»

Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына жолдаған жолдауында басты мақсатымыз-Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы, ол-«Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті деген. Біз үлгілі дамудың өзіндік моделін қалыптастырдық.

Осы жолдауда «Мәңгілік Қазақстан» жобасында Қазақстан Республикасының әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын саласының бірі-ғылым мен білімге өте үлкен мән берген.

Ал оны жүзеге асыратын ұстанымы берік, білімді, жаңа форматтағы мұғалім.

Жаңа форматтағы мұғалім жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беру, ең алдымен мұғалімнің кәсіби шеберлігі екенін түсініп, әрдайым өзінің білімін жетілдіріп, шығармашылық ізденісте жүруі маңызды.

Жаңа формат мұғалімі пәнді жақсы білумен қоса, стандарт талап етіп отырған құзыреттіліктерді жете меңгеруі тиіс.

Елбасымыздың «Мәңгілік Елге» бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жолында білімді шәкірт дайындаудан шаршамайтын, қазақ елінің жаңа форматты мұғалімін дайындауға атсалысып деңгейлік курсты өткізіп

жүрген білімді де, білікті тренерлердің еңбектері біз үшін баға жетпес нұсқау болып отыр. . Әлемнің озық елдері арасында Қазақстанның білімді жастарының орны ерекше болып шарықтай берсін.

Джон Дьюи мен Дональд Шонның «рефлексиялық оқыту» технологиясында немесе Абай Құнанбаевтың он бесінші сөзінде айтылғандай әр адам өз ісіне есеп бере білсе нәтижеге жетері анық деп санаймын..

Тәуелсіздік күні

КАЙСАНОВА ЖАНАР ҚАБИҚЫЗЫ

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы

Тарбағатай ауданы бойынша білімінің

"Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі



Қабден Ақынов атындағы орта мектебі" КММ

Бастауыш сынып мұғалімі.Педагог-сарапшы.

Пәні: Әдебиеттік оқу	Тәуелсіздік күні
Сынып: 4	Мұғалімнің есімі:
Сабаққа негізделген оқу мақсаты:	4.1.5.1 Өз ойын, сезімін, көзқарасын өмірде болған өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып, білдіру. 4.2.8.1 Эпизодтар мен оқиғалардың негізінде жатқан маңызды тұстарын талдау және салыстыру
Сабақ мақсаттары:	Барлық оқушылар жасай алады: • Оқушылар тақырыпқа сәйкес шығарма түрлерімен танысады.. Оқу мақсатына сәйкес дауыстап, түсініп, іштей, мәнерлеп, сын тұрғысынан бағалап, көз жүгіртіп оқу дағдылары жетілдіріледі. Оқушылардың көбі жасай алады: • Әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, эпитет) анықтауды жалғастырады Шығарманың құрылымын, әр түрлі стильде жазылған жұмыстарды жетілдіреді, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қатені табу және түзетудің жолдары қарастырылады. Оқушылардың кейбірі жасай алады: • Оқушыларды түрлі жанрдағы . шығармалармен таныстыру арқылы Ұлы дала тарихы, Отаны туралы шежіре сырлары, Туған жердің табиғаты туралы ойларын ортаға салады. Бөлімде Отанға деген құрмет, сүйіспеншілік, қазақстандық патриотизм құндылықтарын қалыптастыру

	мақсаты қарастырылады.	
Бағалау критерийлері: (жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)	Диалогке қатысады; мұғалімнің көмегімен мәтіндегі негізгі ойды анықтай алады. Берілген тақырып бойынша өз көзқарасын білдіріп, ой қорыту жасай алады. Оқу мақсатына сәйкес дауыстап, түсініп, іштей, мәнерлеп, сын тұрғысынан бағалап, көз жүгіртіп оқу дағдылары жетілдіріледі.	
Тілдік мақсаттар	Тілдік дағдылар: жазылым, тыңдалым, айтылым.	
	Терминология: Аллитерация- өлең жолдарындағы бірыңғай дауыссыз дыбыстардың ерекше мәнермен үйлесімді қайталануы. Алаш -тайпалардың ең алғашқы қауымы Тәу ету-қасиетті нәрсеге басын ию	
	Сөз тіркестері: Тәуелсіздік күні	
Құндылықтарды дарыту:	Бір-бірін тыңдауға, құрмет тұтуға тәрбиелеу	
Пәнаралық байланыстар:	дүниетану	
АКТ қолдану дағдылары:	БАҚ және мультимедиялық құралдарды пайдалану; Дерекқордан және интернеттен ақпаратты іздеу;	
Алдыңғы оқу/Бастапқы білім:	Мәтіннің түйінді ойын өмірмен байланыстыра алады. Отан, Қазақстан, азамат, туған жер сөздерінің мағынасын біледі.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар	Ресурстар

<p>Бастауы</p>	<p>Психологиялық ахуал қалыптастыру. Ана тілің арың бұл, Ұятың боп тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, Өз тілінді құрметте. Жұмыс ережесін келісу <u>Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда)</u> ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау Кел, сөйлесейік» айдары«Биопоэма» әдісі арқылы жүзеге асады. Оқушылардың өзі туралы сауалдарға жауап берулеріне тапсырма беріледі. Есімім (Өз есімі) 10. Менің туған жылым (Өз туған күні, айы, жылы) 11. Менің туған жерім (Дүниеге келген орны) (картадан көрсету) 12. Менің жетістіктерім 13. Менің қызығушылықтарым 14. Мен қызмет еткенде (армандарын айтады) 15. Мен өскенде 16. Мен қандаймын (Өзіңізді сипаттайтын 3 сын есім) Сабақтың тақырыбы мен күтілетін нәтижені хабарлайды. (ТЖ) -Қазақстан Республикасының мемлекеттік мереке атауларын еске түсіріңдер. (ЖЖ) -Тәуелсіз, тәуелді сөздерінің мағынасын бір-біріңе түсіндіріңдер</p>	<p>Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер.</p> <p>Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p> <p>Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары</p>
<p>Ортасы</p>	<p>1.Қ.Сарин мен Б.Тобаяқовтың өлеңдерін оқып, мазмұнымен танысады. 2.Екі өлеңді салыстыра отырып мазмұнын талдайды. 3.« Тәуелсіздік – неліктен «ең қымбат сый», неліктен «баға жетпес бақ»?</p>	<p>Белсенді қатысу</p>

	<p>сұрақтар төңірегінде өз ойларын ортаға салады.</p> <p>«Ақынның ізімен» әдісі бойынша «Мен – тәуелсіз Қазақстан өркені, Мен – жаңа күн, жаңа дәуір желкені. Мен – кешегі арыстардың арманы ...» – деген ақынның ойын оқушылар жалғастырып, жазып көреді</p> <p><u>Дескрипторы:</u> Ұйқасқа негіздеп, өлеңнің соңғы жолдарын құрастырады</p> <p>ҚБ: «Ду қол шапалақ» әдісі «Теориялық мәтін» айдары бойынша оқушылар «Аллитерация» терминімен танысады</p> <p>Аллитерация – өлең жолдарындағы бірыңғай дауыссыз дыбыстардың ерекше мәнермен үйлесімді қайталануы. «тәуелсіздік» өлеңіндегі аллитерациялар:</p> <p>«Тәуелсіздік, сенсің сыйым ең қымбат. Басымызға баға жетпес бердің бақ! Кемелденіп келемін мен, бақытты Бала шақтан болашаққа қол бұлғап. Аллитерация мақал-мәтелдер мен жаңылтпашта да кездесетіндігін меңгереді (Ұ) «Тәуелсіздік әні» өлеңін мәнерлеп оқиды. «Жаңа сөздер сандығы» айдары бойынша оқушылардың мәтін бойынша түсінбеген сөздерінің мағынасын топ ішінде талдап, түсініктеме жасауларына ықпал ету. Алаш, тәу ету сөздерінің мағынасын ашу. Алаш – қазақ тайпаларының ең алғаш қауым болып біріккен одағы. Тәу ету – қасиетті деген нәрсеге басын иіп, тағзым ету.</p>	<p>Оқушылар ортақ тақырыпты еске түсіреді</p>   <p>Оқулық</p> <p>Жұмыс дәптерлері</p> <p>Ширату жаттығуы</p>
--	--	--

	<p>(ЖЖ) «Білгенге маржан» айдары бойынша Қазақстан Республикасында 16-17 желтоқсанда Тәуелсіздік күні ұлттық мерекесі аталып өтілетіні туралы біледі. (ЖЖ)«Қосжазба күнделігі» әдісі бойынша төмендегі сұрақтарға жауап береді.</p> <p>*Өлеңдерде бостандық үшін күрестің құрбандары туралы не айтылған?</p> <p>*Бұл өлең неліктен «ең шуақты, «ең шырайлы», «ең шерлі»?</p> <p>*Ақынның жүрегі кімдер үшін сыздады?</p> <p>*«Еркіндіктің қыраны» деп ақын нені меңзеп тұр?</p> <p><u>Дескрипторы:</u></p> <p>1. Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>2. Автор пікірін мысал келтіру арқылы дәлелдейді.</p> <p>ҚБ: «Оң көрші» әдісі арқылы әр топ көрші топтың жұмысын дескрипторлар негізінде бағалайды.</p> <p>Дәптермен жұмыс.</p>	
Оқу тапсырмасы	<p>1) Ұйқасқа негіздеп, өлеңнің соңғы жолдарын құрастыр.</p> <p>Өлеңдерден өзіңе әсер ететін сөздерді теріп жаз.</p> <p>2)«Тәуелсіздік күні» туралы эссе жазу</p>	
Аяқталуы	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану (ҚБ) “Екі жұлдыз, бір тілек” әдісі.</p> <p>Рефлексия (жеке,жұпта,топта, ұжымда)</p> <p>Кері байланыс. «Сабақтағы проблемалар» кестесі</p>	
Қосымша ақпарат		
	<p>Саралау - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?</p>	
	<p>Бағалау – Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>	

<p>Сабақ бойынша рефлексия. Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен бүкіл уақыт ішінде өзгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</p>	
<p>Қорытынды бағамдау</p>	
<p>Қандай екі нәрсе табысты болды(оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1. 2.</p> <p>Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды? 1. 2.</p> <p>Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері / қиындықтары туралы не білдім? Менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектеседі неге көңіл бөлу керек? 1. 2.</p>	

МАЗМҰНЫ

- АШИРБЕКОВА СЫМБАТ ЕСБОСЫНОВНА
- МАШИМОВА САЛТАНАТ КАЙРАТҚЫЗЫ
- СОВЕТХАНҚЫЗЫ АЙЖАН
- СЕРІКБАЙ ГҮЛБАЛА БЕКӘДІЛҚЫЗЫ
- ДӘНИЯР ЖІБЕК ҚҰРМАНТАЙҚЫЗЫ
- ҚАДЫЛ ФАРИЗА МҰХИТҚЫЗЫ
- ИБРАЕВ ЕРБОЛАТ НУРДАУЛЕТОВИЧ
- ИБРАЕВА НАДЕЖДА ГАБДУЛЛИЕВНА
- УМИРЗАКОВА НАЗЕРКЕ НУРКАНАТОВНА
- КАЙСАНОВА ЖАНАР ҚАБИҚЫЗЫ